

Оңтүстік Қазақстан облысының жекелеген әкімшілік-аумақтық бірліктерін қайта атау туралы

Бірлескен Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2011 жылғы 21 қыркүйектегі N 44/437-IV Шешімі және Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2011 жылғы 7 қарашадағы N 295 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2011 жылғы 8 желтоқсанда N 2064 тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына және «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11-бабына сәйкес, тиісті аумақтардағы тұрғындардың пікірлерін ескере отырып және Оңтүстік Қазақстан облысының Арыс қаласы, Мақтаарал, Шардара аудандары мәслихаттары мен әкімдіктерінің ұсыныстары бойынша, Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ** және Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Оңтүстік Қазақстан облысының жекелеген әкімшілік-аумақтық бірліктері:

Арыс қаласы бойынша:

Задария ауылдық округі – Сырдария ауылдық округі болып;

Задария елді мекені – Сырдария ауылы болып;

Дермене ауылдық округінің Лесхоз елді мекені – Орманды ауылы болып;

Қазығұрт ауданы бойынша:

Көкібел ауылдық округі – Сабыр Рақымов ауылдық округі болып;

Рабат ауылдық округі – Қарақозы Әбдәлиев ауылдық округі болып;

Алтынтөбе ауылдық округінің Лесхоз елді мекені – Қырыққыз ауылы болып;

Мақтаарал ауданы бойынша:

Абай ауылдық округі – Достық ауылдық округі болып;

Ынтымақ ауылдық округі – Қазыбек би ауылдық округі болып;

Ш.Ділдәбеков ауылдық округіндегі Жеңіс ауылы – Алпамыс ауылы болып;

Ж.Ералиев ауылдық округіндегі Жамбыл ауылы – Жетіқұбыр ауылы болып;

Атамекен ауылдық округіндегі Гагарин ауылы – Ғарышкер ауылы болып;

Мақталы ауылдық округіндегі Ғ.Мұратбаев ауылы – Дархан ауылы болып;

Ж.Ералиев ауылдық округіндегі Қызыләскер ауылы – Жетіқазына ауылы болып;

Ж.Нұрлыбаев ауылдық округіндегі «Қазақ ССР-нің 30 жылдығы» ауылы - Өнімгер

ауылы болып;

Шардара ауданы бойынша:

Целинный ауылдық округі – Алатау батыр ауылдық округі болып қайта аталсын.

2. Осы бірлескен шешім және қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>сессиясының төрағасы</i>	<i>Облыстық</i>	<i>мәслихат</i>
<i>Облыс әкімі</i>		<i>К. Жартыбаев</i>
<i>Облыстық мәслихат хатшысы</i>		<i>А. Мырзахметов</i>
		<i>Ә. Досболов</i>
<i>Облыс әкімінің бірінші орынбасары</i>		<i>Б. Оспанов</i>
<i>Облыс әкімдігінің аппарат басшысы</i>		<i>Б. Жылқышиев</i>
<i>Облыс әкімінің орынбасары</i>		<i>Е. Айтаханов</i>
<i>Облыс әкімінің орынбасары</i>		<i>Б. Алиев</i>
<i>Облыс әкімінің орынбасары</i>		<i>Ә. Бектаев</i>
<i>Облыс әкімінің орынбасары</i>		<i>С. Қаныбеков</i>
	<i>Облыстық экономика және</i>	
	<i>бюджеттік</i>	<i>жоспарлау</i>
<i>басқармасының бастығы</i>		<i>Е. Садыр</i>
<i>Облыстық қаржы басқармасының бастығы</i>	<i>Р. Исаева</i>	